БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
АҚЖАЙЫҚ АУДАНЫ
ТАЙПАҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІ

АКИМ ТАЙПАКСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
АКЖАИКСКОГО РАЙОНА
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

ӨКІМ **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

2022 жылғы 24 наурыз № 22 к/қ.

Тайпақ ауылы ссло Тайпак

Бір көзден сатып алу тәсілімен авторлық қадағалау және техникалық қадағалау қызметтерін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу туралы

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 39-бабының 2-тармағының 1-тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 360-тармағының 1-тармақшасына сәйкес:

1. «Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимаратын күрделі жөндеу нысаны бойынша авторлық қадағалау және техникалық қадағалау қызметтерін мемлекеттік сатып алу заңнамада бекітілген тәртіппен бір көзден сатып алу тәсілімен өткізілсін.

2. Бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы және тапсырысшысы болып «Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі айқындалсын.

3. Бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға жауапты тұлға болып «Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Тайпақ ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Болат Байгалиевич Шаленов белгіленсін.

4. Бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы хабарландыруды Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алулары порталына орналастыру Тайпақ ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Улжан Курашевна Ескендироваға жүктелсін.

5. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Тайпақ ауылдық округі әкімі **Б.Б.Шаленов**